

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
№1 хаттамасы**

Астана қаласы

30 мамыр 2025 года

**Төрағалық еткен: Б.М. Мәкен**

**Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері:** М.Д. Айтмағамбет, С.А. Балажан, И.О. Вранчев, Б.Н. Жексенбай, М.Н. Иғалиев, А.К. Шаяхметова, А.М. Сайтбеков, А.А. Саданов, Ш.А. Әлекешев, Р.В. Зұлқайыров, «Qosyl» арқылы онлайн режимінде: А.Б. Жақыпов, М.М. Қусенбаева, А.Т. Құспан, Д.Б. Сембаев, К.Г. Баҳридинов, М.И. Гурман, М.Т. Бекбаева, Д.Е. Кайсаров, М.С. Қиқимов, К.С. Нұрсұлтанов, Қ. Талапбек, К.С. Сейітжан, М.М. Толықбаев, Ш.К. Хасанова, У. Шапақ, Ш.Ш. Шаяхметов.

**Шақыртылғандар:** Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары А.К. Милюк.

---

**«Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру туралы**

---

1. Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары А.К. Милюктің ақпараты назарға алынсын.

**2. Әкімшілік полиция комитетіне:**

2.1. отбасылық-тұрмыстық жанжалдар бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алуға ерекше назар аударылсын;

2.2. «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасы (бұдан өрі – Тұжырымдама) шенберінде іс-шаралардың іске асырылуын бақылау қүшетілсін;

2.3. Тұжырымдаманы іске асырудың тиімділігін мониторингтеуде ашықтық және қоғамның қатысусы қамтамасыз етілсін;

2.4. мүгедектігі бар адамдарды ілестьіріп журу кезінде өзін ұсташа ережелерін түсіндіру бойынша полиция қызметкерлеріне нұсқаулық жүргізілсін;

2.5. алдын алу шаралары туралы халықты медиа және әлеуметтік желілер арқылы кеңінен хабардар ету қамтылсын;

2.6. оқу орындарында жасөспірімдермен құқық бұзушылықтардың алдын алу және заңға бағынатын мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында жұмыс жандандырылсын;

2.7. биылғы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша участекілік полиция инспекторларының азаматтардың өтініштерін қарау сапасын жақсарту бойынша ақпарат ұсыну;

2.8. Алматы, Түркістан және Жетісу облыстарында жол-көлік оқиғалары жи болатын участекерге зерттеу жүргізіп жол-көлік оқиғасы картасын ұсыну.

Балалар және жасөспірімдердің қатысусымен болған жол-көлік оқиғаларының себептерін анықтап, самокаттарды, скутерлерді және велосипедтерді пайдалануға бақылауды күшету бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2.9. әкімдіктермен бірлесіп, аулалар мен мектеп маңындағы қозғалыс жылдамдығын шектеуге бағытталған «Қауіпсіз аула» муниципалдық бағдарламаларын енгізу.

**3. Ақпараттандыру және байланыс департаменті қылмыс жағдайы туралы өнірлер мен санаттар бойынша бөлініп және жиналған талдамалық деректерді тұрақты түрде ұсынын.**

4. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитетіне мектеп оқушылары мен ата-аналарға арналған, жасөспірімдердің мессенджерлер, TikTok, Telegram және онлайн ойындар арқылы нашақорлықта тартылу механизмдері туралы арнайы оқу-ағартушылық модуль әзірлеу және енгізу ұсынылсын.

#### **5. Қоғамдық кеңеске:**

5.1. құзырлы органдарға полицияның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне мақсатты бағыттау үшін, айыппұлдардан түсетін жылдық кірістердің кемінде 20%-ы мөлшіріндегі тұрақты тіркелген үlestі нормативтік бекіту мәселесін қарастыру туралы ұсыныспен хат жолдау.

5.2. Алматы қаласы мен Алматы облысы Полиция департаментіне барып (учаскелік полиция инспекторларының өрекеттері, полиция қызметкерлерінің қызметтік өкілеттілігін асыра пайдалануы және өрекетсіздігіне қатысты азаматтардың өтініштері бойынша мониторинг жүргізу) ұсынылсын.

### **2025 жыл – профилактика жылы: Полиция «Заң мен Тәртіпті» күзетшісі**

6. Әкімшілік полиция комитеті тәрағасының орынбасары А.К. Милюктің ақпараты назарға алынын.

#### **7. Ақпараттық саясат департаментіне ұсыныс:**

7.1. барлық интернет платформаларда және әлеуметтік желілерде Тұжырымдаманы ілгерілету шараларын, сондай-ақ 2025 жыл – профилактика жылы бойынша ақпараттық қолдауды жалғастыру;

7.2. соңғы 5 айдағы «Заң мен Тәртіп» тақырыбында БАҚ пен әлеуметтік желілерде шыққан ақпараттық науқан туралы есеп ұсыну.


## **8. Кадр саясаты департаментіне ұсыныс:**

8.1. Кеңес мүшесі К.С. Сейітжанмен бірлесіп, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ерекше қажеттіліктері бар адамдармен көсіби өзара әрекеттестігі бойынша оқу үйымдастыру.

Қоғамдық кеңестің еткізілген отырысы мен қабылданған шешімдері туралы ақпарат ведомствоның интернет-ресурстарында жариялансын.

Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы ақпарат **2025 жылғы 25 маусымға дейін** Қоғамдық кеңестің хатшылығына берілсін.

**Ішкі істер органдары қызметінің  
мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес төрағасы**



**Б. Мәкен**

**Ішкі істер органдары қызметінің  
мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес хатшысы**



**Қ. Елубаев**